

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIII сессиясының 2013 жылғы 19 желтоқсандағы N 196 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қаңтарда N 1020 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабына сәйкес, V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуға (бұдан әрі -әлеуметтік көмек) 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайын әлеуметтік көмек айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Алматы қаласы мәслихатының 18.03.2019 № 324 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2.-Осы шешімнің қосымшасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету тәртібі айқындалсын.

3.-Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік мәселелер және қоғамдық келісім жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы И..Лиге және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ю..Ильинге (келісім бойынша) жүктелсін.

4.-Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Т..Мұқашев нормативтік құқықтық актіні Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткіздін.

5.-Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V сайланған

Алматы қаласы мәслихатының

XXIII сессиясының төрағасы

V сайланған Алматы қаласы

мәслихатының хатшысы

И. Ли

T. Mұқашев

Келісілді:

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ю. Ильин

Алматы қалалық Жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар

басқармасының басшысы Ә. Құлмаханов

Алматы қаласы Білім

басқармасының басшысы Р. Шимашева  
Алматы қаласы Экономика  
және бюджеттік жоспарлау  
басқармасының басшысы С. Қабдолов  
Алматы қаласы әкімі аппараты  
зан бөлімі басшысының  
міндетін атқарушы Н. Егизекова

Алматы қаласы мәслихатының  
2013 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 196 шешіміне  
қосымша

## **Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) үшін ата-анасты және өзге де занды өкілдері (бұдан әрі - алушылар) Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының аудандық бөлімдеріне (бұдан әрі - аудандық бөлімдер) кемтар балалардың тұрақты тұрғылықты жерінде тіркелуі бойынша, өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) алушының жеке басын куәландыратын құжаты;
- 2) алып тасталды - Алматы қаласы мәслихатының 03.03.2017 № 88 шешімімен (әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
- 3) алушы мен баланың тұрақты тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттары;

4)-Алматы қаласы Білім басқармасының қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясы беретін Алматы қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес тұжырымы;

- 5) мүгедектігі туралы анықтама;
- 6) банк шотының болуы туралы құжат;
- 7) оку орнының анықтamasы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 03.03.2017 № 88 (әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 324 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Құжаттар салыстырып тексеру үшін тұпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың тұпнұсқалары алушыға қайтарылады.

3. Занды өкілдер кемтар балаларды асырап алғандығы және қорғанышылық (қамқоршылық) белгіленгендігі жөнінде тиісті органдардың шешімдерінің көшірмелерін ұсынады.

4. Ата-аналардың (занды өкіл) бірінің жәрдемақы тағайындау туралы өзі өтініш беруге мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-аналар (занды өкіл) жәрдемақы тағайындау туралы өтініш жасауға белгіленген тәртіппен берілген сенімхат негізінде басқа адамдарға уәкілеттік беруге құқылы.

5. Әлеуметтік көмек оку орнының анықтамасында көрсетілгеніндей, кемтар балалардың жеке оку жоспары (бұдан әрі – жеке оку жоспары) бойынша үйде оку кезеңіне тағайындалады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакциядаі - Алматы қаласы мәслихатының 03.03.2017 № 88 шешімімен (әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

6.-Алғаш тағайындалған жағдайда жәрдемақы өтініш берген күннен бастап төленеді

## **2. Әлеуметтік көмекті төлеу**

7. Әлеуметтік көмек тоқсан сайын ағымдағы тоқсанның соңғы айында төленеді.

8. Әлеуметтік көмекті төлеуді тоқтатуға негіз болады:

1) мүгедектер қатарындағы кемтар баланың 18 жасқа толуы;

2) кемтар баланың жалпы білім беру мекемелерінде оқуы;

3) кемтар баланы толық мемлекеттік қамсыздандыру үшін әлеуметтік-медициналық мекемеге орналастыру;

4)-әлеуметтік көмектің заңсыз тағайындалуына әкелетін өтініш алушының жалған мәлімет беруі;

5) Алматы қаласынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуі;

6) кемтар баланың қайтыс болуы;

7) жеке оку жоспарында көрсетілген мерзімнің аяқталуы.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 03.03.2017 № 88 шешімімен (әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

9. Әлеуметтік көмек төлемі жеке оку жоспарында көрсетілген мерзімнен бастап жаңартылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы қаласы мәслихатының 03.03.2017 № 88 шешімімен (әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10.-Әлеуметтік көмекті алушылар төлемді тоқтатуға негіз болып табылатын мән-жайлар басталғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде алу құқығына әсер ететін мән-жайлар туралы аудандық бөлімге хабарлайды.

11. Осы Тәртіптің 8 тармағының б) тармақшасында көрсетілген жағдайды қоспағанда әлеуметтік көмекті төлеу төлемін тоқтатуға негіз болып табылатын жағдайлар туындаған күннен бастап тоқтатылады.

12.-Кемтар бала қайтыс болған жағдайда әлеуметтік көмек төлемі кемтар баланың қайтыс болған айымен қоса жүргізіледі.

13.-Артық төленген сомалар ерікті немесе өзге де Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайтаруға жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК